

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Кенжеғалиева Райхан Гинаятовна

7M01701-қазақ тілі мен әдебиеті магистранты

Ғылыми жетекші: Абдрахманова Жұмазия

филология ғылымдарының кандидаты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақстан

Аннотация. В статье анализируются национальные ценности в произведениях писателя Абиша Кекильбаева на основе его произведениях.

Abstract. This article analyzes national values in the works of writer Abish Kekilbaev, based on his work.

Кез келген ұлттың бір дәуір аясында сан ғасырлар бойы басынан өткерген тарихын, салт – дәстүрін, рухани санасын, тұрмысы туралы сөз қозғап, мұра қып аманаттамас бұрын күллі адамзаттың тарихын меңгерген жөн. Өйткені, тарихтың өзі – сөзсіз шындық атаулыдан және осы шындықтың туындау себебі мен салдарының қорытындысынан тұратын құбылыс. Егер, дүйім жұртқа тарихты әдебиетпен байланыстыра танытуға тарихты әдебиеттің фонына қоса алатындай қаламгердің жеке қолтаңбасы қалыптасқан, авторлық шеберлігі жоғары дәрежеде болуы қажет. Осындай қабілетті бойына сіңірген қаламгер ғана тұтастай халықтың тұрмысын, саяси және әлеуметтік жағдайынан, ұлттың психологиясынан дәл де, анық ақпарат беретін туындыны жарыққа шығара алады. Қазақ халқы өзін басқаларға тек ұлттық рухқа толы, ұлттық болмысты бейнелейтін мәдени коды бар төл дүниелерімен ғана таныстыра алады. Өткенге ғана емес, дәстүрге адал болғанда ғана рухани негізіміз мықты болатыны түсінікті. Ұлттық құндылықтарымызға желісін үзбей, ұрпақтанұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық санамыздың формасы, әлеуметтік жады ретінде қарасақ біз ұтамыз. «Халықтың тарихы мен мәдениетін оқымай, қазақ мәдениетінің адамгершілік, рухани құндылықтарының этникалық дамуының қайнар көздерін түсінбей, ұлттық

идеяны анықтау мүмкін емес. Ежелгі қазақ халқының рухани тарихында тарихи үдерістің құндылықты-мағыналық негізін және нақты этноәлеуметтік шынайылықты құрайтын ұлттық идеяның терең бұлағы жатыр. Этномәдениет дамуының ұзақ тарихында жинақталған рухани құндылықтар міндетті түрде жаһандану дәуіріндегі заманауи ұлттық идеяның тарихи-мәдени негізін құрауы тиіс» [1,91].

Тіл мен ой бірлігінің егіз дамып, өзара байланысып, ұлттық болмысты айқындап, тілде көрініс табуы заңды құбылыс. Халықтың этномәдени тұрмысын ұлттық тілдің жетегінде, әлеуметтік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдар аясында сөз ету мәселесі тіл білімінде этнолингвистика ғылымында қарастырылғанымен, осы құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өрісі – лингвомәдениеттанудың еншісіне тиіп отыр. Бұған дәлел ретінде ұлттық танымның қыр-сырын жеткізуге ұмтылған, ұлттың тыныс-тіршілігіне тарихи тұрғыдан келіп, соны өз шығармаларында жан-жақты тарихпен байланыстыра отырып жеткізуге тырысқан белгілі жазушы Ә.Кекілбаевтің шығармаларынан кездестіруге болады.

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық құндылықтар негізі-салт-дәстүрлердің сипатталуы. Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы.

Дүниетанымдық лексиканың кең қолданыс табатын жері көркем шығарма мәтіндері. Оған жазушы шығармаларынан мысалдар келтіре кеткен орынды болып табылады. Себебі, ұлттық дүниетанымдық лексикалар желісінде өзіндік теңеу жасау дәстүрі Әбіш Кекілбаев шығармаларында орын тапқан.

Мысалы, *Ай бойы қанша жерді араласа да, әдетте теңге жараның орынындай оқшау бозарып жататын көне жұрт, не күзетуде, не көктемде ши қорамен отыратын қойшы ауылдан қалған ескі көң – ештеңе көзіне*

түскен емес [1,56]. Осы сөйлемдегі жай жара емес, «теңге орнындай жара» деген теңеу сөйлемге тек көркемдік мән үстеп қана тұрған жоқ, сонымен бірге жазушы шеберлігіндегі сөз қолданысында ұлттық бояуды береді.

Сол қауға бастарың үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін талай нәрсені тақымын таралғы, алақанын сойыл қажап тастаған барымташы басымен өзі білетініне қотыр батыр бір күдірейіп қояды [2,224].

Жазушының бұл сөйлемінде де *тақым, сойыл, барымташы* сияқты қазаққа ғана тән ұғымдар кездеседі. Көркем шығарма тіліндегі танымдық мәдени сөздердің де мәтін, сөйлем құрамындағы орны, маңызы бар.

Ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін ойшыл жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларынан мысалдар келтіру арқылы дәлелдеуге болады. Бір ғана «дүние» сөзін жазушы «дүдәмал дүние», «күдік-күмән дүние», «күмілжіген дүние», «дүние әлі дүрбелең», «қырық құбылған дүние» сияқты «дүние» туралы толғаныстарды, дүниені қабылдаудың, ұғынудың сан қилы тарихи, адами ситуациядағы көріністері бейнеленген концептілік жүйені байқаймыз. Бұл жердегі адамдардың көңіл-күйі, яғни психологиялық жағдайы, сенімдері мен күйініштері, қуаныштары жан-жақты көрсетілген. Дүниенің адами-мәдениленген бөлшегі ретінде социумдағы адам өмірі, қоғамның тарихи дамуындағы өзгерістерді, құбылыстарды суреттеуде Ә.Кекілбаевтің жазушылық шеберлігі, тілдік құрал арқылы молынан жіктеліп көрінетін тұстары оның шығармашылығындағы дүниетанымдық лексиканың топтарын құрайды.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында «дүние» ұғымын кең көлемді аспектіде пайдаланған. Соның ішінде жеке адамның субъектілік ішкі көңіл-күйін объектілікке айналдыратын тұстары да аз емес. Жазушының «Аңыздың ақыры» шығармасында «опасыз дүние», «жарық жалған», «жалған дүние» сияқты тіркестер бір жағынан жалпы ұлттық қабылдаудың тілдік формалары

болса, екіншіден, бұл жерде олар нақты контекске ие. Мысал келтірсек, *«Опасыздық» – сенімсіздік, сатқындық, яғни бұл дүниеге нық сенімді болуға болмайды, сақтық керек. Әйтпесе, «опасыз дүниенің» тағы бір пұшпағынан өзіңнен гөрі мықтырақ басқа біреудің сынаң етіп шыға келуі оңай* [2,10]. Осы сөйлемде өзі опасыздықты көп жасаған күдікшіл Әміршінің барлық адамдарға көзқарасы, мүмкін өзінің де соның бір бөлшегі екенін мойындауы болар. Бұл жөнінде белгілі ғалым Р. Сыздық өзінің «Сөз күдіреті» еңбегінде өте терең талдау жасаған. Автор өз зерттеуінде: «...сол заманға тән тіл мен қоршаған ортаны бейнелеуде кейіпкерлердің әлеуметтік жағдайына, ұлтына, бір-бірімен қарым-қатынасына сай сөйлете білу»[3;122]. деп шеберлігін ғылыми жолмен дәлелдейді.

Әбіш Кекілбаевтың есімі қазақтың жазушыларының арасындағы аңызға жақын немесе мифтік оқиғаларды меңгеруде алғашқылардың бірі ретінде айрықша аталады. Ә.Кекілбаев шығармаларында мифтік танымды бейнелейтін сюжеттерді жиі қолданылады.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы қазақ дүниетанымының тұрақты элементі болып жиі кездесетін құбылыстың бірі – түс. Түстің қазақ менталитетінде танымдық сипаты ерекше. Сондықтан да ол ауыз әдебиетінде жиі кездесіп, қазіргі жазушылардың шығармаларында да үлкен сюжеттік роль атқарады. Түс – шындық дүниесімен параллель құбылыс десек, Ә.Кекілбаев шығармасында оның кейіпкерлер тағдырындағы атқаратын ролі зор. Әбіш Кекілбаев өз туындыларындағы шынайы ақиқатты оймен жеткізуге болмайтын психикалық күйдің бірі түс деп танимыз. Әбіш өз шығармаларында түске зор көңіл бөледі және шығармаларында оны жиі қосады. Түс көру көркем туындыға әр түрлі бояу қосады және осы арқылы оқырманның шығармаға қызығушылығын оятады. Ол жәй ғана қосымша қызмет үстемейді, сонымен қатар неше түрлі наным-сенімдерді, ал оны жорыту ерекше бір серпін әкеледі.

Әбіш шығармасында баяндау түрлері осы түстер арқылы қолданылған. Мысалы, «Әбілхайыр ханның түс көруі», «Шыңырау» әңгімесіндегі «Еңсептің түсі» немесе «ант беру дәстүрі» сияқты көріністер этностық болмысты айқындайтын мифологиялық танымның әсерінен туындаған деп ойлаймын. Түске байланысты іс-әрекет, әдетте, екі кезеңнен құралады: а) *түсті көру*; ә) *түстің сырын аштыру (жору)* (курсив біз - А.Ж.).

Әбіш Кекілбаев түсті көруші мен оны жорушының көңіл-күйін, психологиясын ұлттық таным тұрғысынан жан-жақты аша білген философ жазушы. Соның ішінде дәстүрлі дүниетанымда түс жорушылардың құдіреттеріне байланысты «құмалақ шашу, жауырын қарау, бал ашу» сияқты ұғымдарды қолданады. Жазушы шығармашылығында ол былай суреттеледі: Әбілхайыр ханның келу себебін Тайлан өзінше жорамалдайды: «Шамасы, мұның құмалақ шашып, жауырын қарайтын шайқы-бұрқылынан дәмепін келген шығар. Кешелі-берлі арқасы құрыстап жүргізбей жүр еді. Біреу-міреу бал аштыра келеді-ау деп, таң атқалы бері, жан-жаққа көзі боталап көп қарап еді. Осыған көрінген зой.

Бал аштырғалы келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе?-деді Тайлан [2;235].

Түс көру, түс жору сияқты ұлттықтанымдық ұғымдар Ә.Кекілбаевтің шығармаларындағы жиі қолданатын көркемдік-мазмұндық әдісі деуге болады. Олай дейтініміз, жазушының шығармаларында екі дүние: шындық, тәндік дүние мен түстік, символдық дүние қатар жүреді

Ә.Кекілбаев шығармаларының көркемдігі мен мазмұнын, ондағы тарихи дәуірдің болмыс-бітімін, тіршілік-тұрмыс қалпын ашып беруде мифтік сюжеттер үлкен қызмет атқарады. Бұл ойға қатысты мифтік дүниетанымның қазақ тіліндегі көрінісін зерттеген Б.Ақбердиеваның мына пікірін де келтіре кетуге болады: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес,

белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты» [4;12].

Жазушы шығармаларында қазақ халқының ұлттық санасында күштіліктің символы – *нар түйе*, елі үшін туған ерлердің жан серігі – арғымақтарының не *ақ боз*, не *көк түс* түрінде келуі киелі қасиет болып қалыптасқаны дәстүрлі сипат алған. Бұлай дейтініміз, ауыз әдебиетінде негіз салып, жыраулар поэзиясында жалғасын тапқан күштілік пен арғымақтар теңеуі Әбіш Кекілбаевтың туындыларында да танымдық тұлғалауын айшықтай түседі. Әбіш Кекілбаевтан: «*Тайлағын тарпи-қарпып аймалайтын нар түйедей*, тапап тастардай тарпа бас салып ...» деген жолдарды кездестіреміз[2;371].

Ары қарай саралайтын болсақ, *нар* - үлек пен айыр түйенің тұқымы. *Қоспақ* - аналығы нар түйе мен аталығы айыр түйенің тұқымы. Жоғарыдағы батырлар жырының үзінділерінде *қос өркешті қызыл нар*, *қоспақ нардай* тіркестері нардың екі түрін бір ұғымда береді. Жазушының дәуір болмысын жеткізудегі тіл қолданысына, сөздің дәуірлік, кезеңдік қызметіне, стильдің кезеңге, тарихқа тәуелділігіне байланысты тағы бір мысал келтіре кетуге болады. Отыңа, суыңа тимейді. Малыңның шетінен керегінше ақшасын беріп сатып алады. Хиуа мен Бұхараға қиятын *жүн-жұрқаң мен тері-терсегіңді* орысқа да қиятын шығарсың? [2;148].

Осы сөйлемнің бойынан *жүн-жұрқаң* мен *тері-терсегіңді* сөздерінен басқа соншалық тосын, соншалық жаңа, мағынасы түсініксіз немесе аталған сөздерден өзге мынау тек қазақтың табиғатына тән ұғым деген өзгеше танымдық лексиканы байқай алмайсыз. Дегенмен, сөйленісте ұлт тарихына қатысты, сол кезеңнің проблемасына байланысты сөйленім жасалған.

Жазушының кейіпкерінің аузына салып берген сөзінен орыстардың қазақ даласына қоныстанып жатуына байланысты қарсылықтарды, дала халқының отарлауға деген қорқынышын айқын танысыз.

Ә.Кекілбаев шығармаларының да, ондағы ұлттық-мәдени, ұлттық-дүниетанымдық мақсатта қолданылған сөздердің халық тарихын, салт-санасын танып-білудегі рөлі ерекше. Кез келген көркем туынды авторлық баяндау модальдық-экспрессивтік және мағыналық тұрғысынан бірыңғай автор сөзінен ғана жасалмайды. Автор сөзі жеке дара сөздер немесе сөйлемдермен, кейде толық бір абзац арқылы роман барысында жиі ұшырасып отырады. *«Патшайым қолтығындағы құс жастықты бір умаштап қойды. Неге екені белгісіз, көз алдына анадағы қабылдауда қызылды-жасылды киіндірген қуыршаққа ұқсап қоздиып тұрып қалған қаршадай бала келді. Жәудірей қараған көздері, қалқиған құлағы, шіңкілдей шыққанмен, асықпай баппен сөйлеген дауысы... Бәрі есінде екен. Қимыл-қозғалысы, сөз тастасы тәрбие көргендігін аңғартқандай. Сол балаға қарап отырып, көшпенділердің те төрт аяқтылардың соңында текке шапқылап жүрмегендерін, олардың да бірталай нәрседен хабары барын сезген сияқты еді. Іргесінен қала салуды өтінгеніне қарағанда мына ханның тап анау айтқандай қара жаяу көрінбейді ғой! Жарайды, сондағы ойы не екен, көрейік»* [2,19]. Аталған үзіндіде Анна патшайымның уайымға толы ішкі толғанысы жан-жаққа бұрса да, өз тарапынан бірінші жақта суреттеледі. Автор патшайымның тұлғасына өзінің жеке ұстанымын және алға қойған ниетін қосып, оны кейіпкер бейнесімен романның болмысына енгізіп отыр. Мұндай ұстамды, біркелкі баяндаудың тереңінде Әбіш Кекілбаевтың сабырлы мінезі және байсалды баяндауы көзге ұрып тұрғандай анық көрінері анық. Көркем туындысы жазу арқылы жазушының өмірде де асықпай толғанып, өз ойын алыстан орағытып жеткізетін өзіндік ерекше қасиеті бірден танылады. көркем

прозада болса баяндаудың бұл стилі көркем туындыларымыздың заманауи ой-толғамын, сан салалы дәрежесін, қарымы кең, көркемдік байлығын көрсетеді.

Жазушының шығармаларында ұлттық үндылықтарға деген көзқарасы, кейіпкерін бейнелеп көрсетудегі оның кейіпкерге деген ойы, туындының композициялық құрылысының сол кезеңнің ақиқатымен сәйкес келуі, ауыз әдебиеті еңбектері мен маңызды ақпараттарды жіктеп, жүйелеп, романда қолдануы ерекше.

Ә.Кекілбаев шығармаларында тілді тарихи дәуірге сай сөйлету ерекшелігімен бірге, сол кезеңдегі ұлттың байырғы тарихи дүниетанымын көрсете алған. Себебі, кез келген ұлт тілінде сол ұлттың тілінде ғана мағынасы жан-жақты, табиғи түрде өз деңгейінде көріне алатын сөздер кездеседі.

Ұлттық тіл мен дүниетанымды келер ұрпақ үшін сақтау және дамыту үлкен мәселе болып отырған қазіргі жаһандану жағдайында жазушы шығармаларының ұлттық тіл тұрғысынан әрі этномәдени жағынан маңызын, құндылығын арттыра түсері сөзсіз. Ғалым С.Досжанова қаламгердің сөздік қорының аса бай екенін, бірақ оны орынсыз ашпай, әр сөзді орнымен, үнеммен қолданатынын айтады. Сол себепті жазушының стилі дәл, нақты, берік өріліп, ой мен сезімге негізделген, образ жасау мен ішкі сырды ашуға қызмет ететін ұтымды сөз өрнегі ретінде көрінеді. Әбіш Кекілбаевтың өзіне тән тіл шеберлігі мол таланты мен ізденімпаздығы оның шығармаларындағы кейіпкерлердің типтік даралығын, характерлік мінезін сомдауда айқын көрінеді.

Жазушы Әбіш Кекілбаев қазақ дәстүрі мен мәдениеті үлгілерін көркем шығарманың мазмұн тұтастығы мен пішініне, композициясы мен сюжетіне жымдастыра кіріктіру арқылы прозасының тәрбиелік, тағылымдық қуатын арттырды. Халық тұрмысындағы этнографиялық үрдістерді өз туындыларында шеберлікпен пайдалана білді.

Пайдаланылған әдебиеттер:



1. Абдигалиева Г.К., Коцигулова К.И. Национальная идея и ценности этнокультуры // Элемдік және Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – Б.91-96.
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. –Алматы: «Өлке» баспасы . – Т.2. 1999. –400 бет
3. Сыздық Р. «Сөз құдіреті». Алматы, 1994, 190 б.
4. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік танымдық құрылымдар. // Кандидаттық диссертациялық қолжазбасы. Алматы, 2000, 114 б.